

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗДЕРІ, ҚҰРАЛДАРЫ ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ШЕШІМДЕРІ

Инклюзивті білім беру негіздері

Инклюзивті білім беру деген не?

Инклюзивті білім беру – барлық кемсітуішілік формасына тосқауыл қоятын, оқушының білім алуға әртүрлі қажеттіліктері мен алуан түрлілігін есепке ала отырып, сапалы білім беруді қамтамасыз етуге бағытталған жалпы білім беруді дамытудың үздіксіз процесі.

Инклюзивті білім беру балалардың физикалық, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ СИПАТТАМАСЫ

Инклюзивті білім беру - БҰЛ...	Инклюзивті білім беру - БҰЛ.....ЕМЕС
... мектепті игілікті ортаға және барлық балалар үшін қол жетімді оқу орнына айналдыру үшін білім беру жүйесінің, білім беру мекемелерінің өзгеруі мен оларды жетілдірудің үздіксіз процесі.	...белгілі бір уақыт кезеңінде жүзеге асырылған бірыңғай жоба.
...мәдениетті, білім беру саясатын және тәжірибесін оқушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне жауап беретіндей қайта қарау.	...тек мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін мекемелерге қосуға ерекше назар аудару.
...білім беру жүйесінің әр баланың қажеттіліктері үшін теңбе-тең орта құрудағы икемділігі	...оқушыларды мектептің білім беру жүйесіне сәйкес бейімдейтін әрекеттер.
... оқудағы кедергілерді жою; оқу процесіне, сондай-ақ академиялық және әлеуметтік табыстарға қол жеткізуге атсалысу. Әрбір жағдайды жекеше және өзгеше қарастыру.	...тек мектепке / сыныпқа қол жеткізуді қамтамасыз етуге ерекше назар аудару; кез-келген жағдайда қолдануға болатын ережелер мен әрекеттер жиынтығы.
...қабылданған шешімдерден, қатынастардан, қолданыстағы практикадан туындайтын кедергілерді жоюға баса назар аудару.	..қаржылық проблемаларды және кедергісіз орта құрумен байланысты проблемаларды жеңу.
...әр түрлі қатысушылардың (педагогикалық кадрлар, ата-аналар, қоғам мүшелері, жергілікті көшбасшылар, үкіметтік емес ұйымдар және т. б.) ынтымақтастығына негізделген процесс.	...тек ресми тұлғалар немесе сыртқы сарапшылар енгізетін жоба.
... мектеп ортасында және одан тыс дамитын процесс (қоғамдастық құрған балама білім беру ортасы).	...тек жалпы білім беруде болатын процесс.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Инклюзивтік білім беруді құру мемлекетке барлық балалардың жалпы білім алуын жақсартудың маңыздылығына сүйене отырып, аса дарынды балалардан бастап ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға дейін қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.



Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.


Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

ИНКЛЮЗИЯНЫҢ ҮШ АСПЕКТІСІ



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІ БЕРУДІҢ МОДЕЛЬДЕРІ

ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің медициналық моделі	ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау және қолдау көрсетудің әлеуметтік-педагогикалық моделі
<p>«Білім алуындағы қиындықтар мен проблемалар баланың бойында қалыптасқан және ол: «мүгедек, қабілетсіз, ауытқушылығы бар» деген ұғымға негізделген. Бағалау – медициналық диагнозға, ал білім беру - түзету тұрғысына бағытталған.</p>	<p>Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар «жалпы үлгідегі жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық оқушылардың алуан түрлі қажеттіліктеріне сәйкес келуге дайын емес қоғамдық білім беру жүйесінің жетілмегендігі» салдарынан оқуда қиындық көріп отыр деген ұғымға негізделген. Бағалау адамның қажеттіліктеріне, ал оқыту білім беруге қолдау көрсетуге және бейімдеуге бағытталған.</p>



Ерекше білім беру қажеттіліктері – әрбір оқушының білім алуында табысқа жету үшін психологиялық-педагогикалық әдістермен жүзеге асырылатын оқу-тәрбие процесіндегі көмек пен қызметке деген қажеттіліктер.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

3-бап. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері

1. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- 1) баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- 2) білім беру жүйесін дамытудың басымдығы;
- 3) әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;

.....

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

47- бап. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі.

3. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) білім беру ұйымы кеңесінің шешімі бойынша жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарттары шеңберінде жеке оқу жоспарлары, қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша оқуға;

.....

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУГЕ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ

Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
қысқартылған оқу бағдарламасы немесе
жеке оқу бағдарламасы
бойынша **жалпы сыныпта**
(үш баладан артық емес)

Және/немесе

Арнайы оқу жоспарлары мен оқу
бағдарламалары бойынша даму
бұзылыстарының түрлері бойынша
арнайы сыныпта

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды жалпы білім беретін ұйымнан арнайы білім беру ұйымына ауыстыру психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымының негізінде ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен жүзеге асырылады.

Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
(Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына
2-қосымша).

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-әрекеттің бұзылысы немесе қиындықтары (аутизм және аутистік спектрдің бұзылуы диагноздарына сәйкес келеді).

Мінез-құлықтың бұзылыстары немесе қиындықтары (гипебелсенділік және зейін тапшылығының синдромы диагнозына және басқа мінез-құлық бұзылыстарына сәйкес келеді, соның ішінде әлеуметтік-психологиялық факторларға байланысты).

Сөйлеу тілінің дамымау түрі, формасы және деңгейі көрсетілген сөйлеу тілінің бұзылысы: фонетикалық-фонематикалық, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы, тұтығу, ринолалия, дизартрия, дисграфия, дислексия және т.б.

Есту қабілетінің зақымдалуы: нашар еститін, естімейтін және кохлеарлы импланты бар бала

Көру қабілетінің зақымдалуы: нашар көретін, көрмейтін бала

Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылысы: жеке күтімді талап етпей өз бетінше жүріп-тұратындар; арнайы жүріп-тұру құралдарының және (немесе) техникалық компенсаторлық (көмекші) құралдардың көмегімен жүріп-тұратындар; бірге еріп жүретін тұлғаның көмегін талап етіп өз бетінше жүріп-тұрмайтындар.

Психикалық дамудың тежелуі

Зерде зақымдалуы: жеңіл, орташа, ауыр және терең зерде зақымдалуы (жеңіл, орташа, ауыр және терең ақыл-ой кемістігі диагноздарына сәйкес келеді).



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ



**ЭЫДҰ құжаттарында
ЕБҚ бар балалардың
топтары**

1-топ

Психикалық және дене дамуында түрлі бұзылыстары бар балалар: көру, есту, сөйлеу бұзылыстары, зияты, тірек-қозғалыс аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалды-ерік-жігер аясы зақымдалған балалар.

2-топ

Оқытудағы ерекше қиындықтары, мінез-құлық және эмоциялық проблемалары бар балалар.

3-топ

Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, тілдік, мәдени ерекшеліктерінен туындайтын ерекше білім беруге қажеттілігі туындайтын балалар.

ЕРЕКСHE БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті арнаулы жағдайларды айқындау.

Адамдардың (балалардың) ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін бағалау мектепке дейінгі ұйымдарда және орта білім беру ұйымдарында және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда (бұдан әрі – ПМПК) жүзеге асырылады.

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ



1

Мұғалімнің әрбір білім алушының әлеуметтік-эмоционалдық әл-ауқатын және оқу-танымдық іс-әрекетінің ерекшеліктерін бақылау, сондай-ақ білім алушылардың жетістіктерін критериалды бағалауды пайдалана отырып, оқу-тәрбие процесі барысында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың анықтау.

2

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) келісімімен оқыту қиындықтары бар балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін тереңдете зерделеу және бағалау.

3

Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық қолдау мамандардың тереңдетілген тексеру нәтижелері бойынша оқыту қиындықтары бар балаларға ПМПК-ға ерекше білім беру қажеттіліктерін одан әрі бағалау.

4

Психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінде және оңалту орталықтарында балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін пәнаралық ұжымдық бағалау.

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы.



Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау тәртібі ЕБҚ бар балалардың оқу қиындықтарына байланысты екі тобын айқындайды

Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты бірінші топты әртүрлі психикалық функциялардың (ақы-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ келесідей **даму мүмкіндігі шектеулі балалар құрайды:**

- 1) 1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген есту қабілетінде бұзылыстары бар (есту аймағында есту қабілеті орташа 40-тан 80 децибелге дейін естімейтін және нашар еститін, оның ішінде кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалар);
- 2) көру қабілетінде бұзылыстары бар (көзі көрмейтін балалар – көру сезімінің толық болмауы, жарықты сезіне алатын немесе жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,04 дейін көздің көруінің зақымдалуы және нашар көретін балалар - жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,05тен 0,4 -ке дейін көздің көру өткірлігімен).
- 3) зият бұзылысы бар балалар (ақыл-ой кемістігі бар);
- 4) психикалық дамуы тежелген балалар;
- 5) сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар (1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген, фонетикалық-фонематикалық сөйлеуі жетілмеген, ринолалия, дизартрия, ауыр тұтығу, жазуда, сөйлеуде бұзылыстары бар балалар (дислексия, дисграфия);
- 6) тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалар;
- 7) эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалар (қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстарымен (аутизммен), мінез-құлық бұзылыстарымен және қиындықтарымен);
- 8) күрделі (біріктірілген) бұзылыстары бар балалар.



Даму мүмкіндіктерінің шектелуіне байланысты оқу қиындықтары бар **бірінші топтағы** балалардың ерекше білім беру **қажеттіліктерін бағалау келесі қажеттіліктерді анықтау үшін** жүргізіледі:

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгерту;
- 2) оқу нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
- 3) оқытудың вариативтік, арнайы және баламалы, оның ішінде мінез-құлықты қолданбалы талдау қағидаттарына негізделген әдістерін пайдалану;
- 4) оқулықтар мен оқу- әдістемелік кешендер (бұдан әрі – ОӘК) іріктеу, жеке оқу материалдарын дайындау;
- 5) Педагог -психологты, арнайы педагогті (оның ішінде олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед (логопед- мұғалім), педагог -ассистентті арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау;
- 6) оқу бағдарламасын таңдау (жалпы білім беретін, арнайы);
- 7) кедергісіз орта құру және оқу орнын бейімдеу;
- 8) компенсаторлық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету;
- 9) әлеуметтік педагогтің сүйемелдеуі.
- 10) сәйкес жүріп-тұруы қиын мүгедектігі бар балаларға арналған жеке көмекшінің қызметі.


Ескерту: бұл қажеттіліктер кейбір балаларға ішінара қатысты болуы мүмкін.

Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау



Екінші топқа ақыл-ой және физикалық дамуы бұзылмаған балалар кіреді, олардың ерекше білім беру қажеттіліктері олардың білім беру процесіне енуіне кедергі келтіретін әлеуметтік-психологиялық және басқа факторлармен анықталады:

- 1) әлеуметтік осал топтағы отбасыларда тәрбиеленетін, микроәлеуметтік және педагогикалық қараусыз қалған балалар;
- 2) жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар);
- 3) мүгедектігі бар балалар.



Екінші топтағы балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау:

- 1) оқу жоспары мен оқу бағдарламаларын өзгертпей оқытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- 2) үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен қосымша сабақтарды ұйымдастыруға;
- 3) оқу орнын бейімдеуге;
- 4) мектеп психологтің қолдау;
- 5) әлеуметтік педагогтің қолдау қажеттіліктерін анықтау үшін жүргізіледі.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН БАҒАЛАУ



Бірінші топтағы балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің, (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешіміне ПМПК қорытындысы мен ұсыныстары негіз болып табылады.



Екінші топтағы балалардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің және (немесе) білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінің шешімі негіз болып табылады.



1. ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ

Оқу қиындықтарының себептеріне байланысты **бірінші топты** әртүрлі психикалық функциялардың (ақы-ой әрекеті, қабылдау, зейін, есте сақтау) жеткіліксіздігінен мектептегі белгілі бір дағдыларды меңгеруде қиындықтары бар балалар, сондай-ақ келесідей **даму мүмкіндігі шектеулі балалар құрайды:**

- 1) 1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген есту қабілетінде бұзылыстары бар (есту аймағында есту қабілеті орташа 40-тан 80 децибелге дейін естімейтін және нашар еститін, оның ішінде кохлеарлық имплантациядан кейінгі балалар);
- 2) көру қабілетінде бұзылыстары бар (көзі көрмейтін балалар – көру сезімінің толық болмауы, жарықты сезіне алатын немесе жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,04 дейін көздің көруінің зақымдалуы және нашар көретін балалар - жақсы көрінетін көзге көзілдіріктің түзетуімен 0,05тен 0,4 -ке дейін көздің көру өткірлігімен).
- 3) зият бұзылысы бар балалар (ақыл-ой кемістігі бар);
- 4) психикалық дамуы тежелген балалар;
- 5) сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар (1-3 деңгейдегі жалпы сөйлеу қабілеті жетілмеген, фонетикалық-фонематикалық сөйлеуі жетілмеген, ринолалия, дизартрия, ауыр тұтығу, жазуда, сөйлеуде бұзылыстары бар балалар (дислексия, дисграфия);
- 6) тірек-қимыл аппараты бұзылысы бар балалар;
- 7) эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балалар (қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстарымен (аутизммен), мінез-құлық бұзылыстарымен және қиындықтарымен);
- 8) күрделі (біріктірілген) бұзылыстары бар балалар.

ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА

Жеке оқу жоспары және жеке оқу бағдарламасы МЖСБ-ға бағдарланбаған (зият бұзылыстары бар балалар) Зият бұзылысы бар балаларға жеке оқу бағдарламалары негізгі оқу пәндері бойынша құрастырылады. Жетістіктері балдық бағалаумен жүргізілмейтін оқу пәндері жалпы білім берудің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жүргізіледі. Жеке оқу бағдарламалары бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде жүзеге асырылады.

Бейімделген (қысқартылған) оқу бағдарламасы МЖСБ-ға бағдарланған (1-топтағы балалардың кейбіреуіне қатысты)

2. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН КРИТЕРИЙЛЕРІН ӨЗГЕРТУ

Арнайы оқу бағдарламасы

Жеке оқу бағдарламасы

Қысқартылған (Бейімделген)

3. ВАРИАТИВТІ, АРНАЙЫ ЖӘНЕ БАЛАМА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ, ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОЛДАНБАЛЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ТАЛДАУ ҚАҒИДАТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН ӘДІСТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ.

4. ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНДЕРДІ ІРІКТЕУ, ЖЕКЕ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ДАЙЫНДАУ ҰСЫНЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ОҚУ ӘДІСТЕРІНЕ СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.

5. АРНАЙЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

ЛОГОПЕД – сөйлеу қабілеті зақымдалған балаларға;

СУРДОПЕДАГОГ – есту қабілеті зақымдалған балаларға;

ТИФЛОПЕДАГОГ – көру қабілеті зақымдалған балаларға;

ОЛИГОФРЕНОПЕДАГОГ (ДЕФЕКТОЛОГ) – зердесі зақымдалған, психикалық дамуы тежелген балаларға;

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ – қарым-қатынас және әлеуметтік өзара іс-қимылы бұзылған, мінез-құлқы бұзылған балаларға;

6. МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ БҰЗЫЛЫСЫ БАР ОҚУШЫЛАР ҮШІН ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТІҢ ЖЕКЕ СҮЙЕМЕЛДЕУІ

Бала сабақта мінез-құлық ережелерін орындай алмайтын жағдайларда: партада отыра алмайтын, орнынан тұрып кетіп, сынып ішінде жүретін, мұғалімнің талаптарын орындамайтын балалар;

Мұғалімнің жалпы нұсқаулары мен ауызша түсіндірмелерін қабылдауда немесе түсінуде қиындықтар туындағанда, оқушының не істеу керектігін түсінуін қамтамасыз ету үшін мұғалімнің тұрақты жеке көмегі мен қолдауы қажет болған кезде;

Сабақта өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылауда қиындықтар туындаған жағдайда: оқушы сабаққа өз бетінше дайындала алмайды, ересек адамның көмегінсіз сыныпта жұмыс жасай алмайды, сыныпта тапсырмаларды орындамайды;

Мінез-құлық және эмоционалдық бұзылыстары бар жағдайда: оқушы дауыстап сөйлейді, ешқандай себепсіз күледі, айқайлайды, жылайды, басқа балаларды алаңдатады және сынып/топ жұмысына кедергі келтіреді; өзіндік агрессия көрсетеді және/немесе сыныптастарына, мұғалімдерге, басқа адамдарға агрессия көрсетеді (ұрып-соғу, тістеу, заттарды лақтыру және т.б.).

Педагог-ассистенттің мектептегі көмегі:

- ✓ уақытша негізде – баланың сыныпта/топта өз бетінше оқу қабілеті қалыптасқанға дейін
- ✓ тұрақты түрде – қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттестік жасауда тұрақты бұзылыстары бар балаларға ұсынылады.

Бейәлеуметтік әрекеттерде (айқын агрессияда) көрінетін мінез-құлқы айқын бұзылған оқушылардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің шешімі негізінде балаға денсаулық сақтау ұйымында психиатр-дәрігер кеңес беруі ұсынылады.

ОҚУШЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЖӘНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІ БАҒАЛАУ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Бағалау мен қолдауды тікелей мұғалім жүзеге асырады. Мұғалім бірінші болып қалыптастырушы бағалау барысында оқудағы қиындықтарды анықтайды. Мұндаға мұғалімнің міндеті – қиындықтардың сипатын, олардың пайда болу себептерін өз бетінше анықтау, оқушының біліміндегі олқылықтарды анықтау. Мұғалім алынған ақпарат негізінде жеке тәсілдемені қолдана отырып, сабақта оқушыға қолдауды ұйымдастырады.

Қажеттіліктерді бағалау мен қолдауды тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының командасы (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог) жүзеге асырады. Оқушының мамандардың көмегіне қажеттілігін бағалауды жүргізу үшін оқушының ата-анасының жазбаша келісімін алу қажет.

Оқушының қажеттілігін бағалау психологиялық- медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) мамандарымен анықталады. ПМПК-ның шешімі негізінде, оқушының қажеттілігін бағалау нәтижелері бойынша дефектолог мұғалімнің, педагог- ассистенттің көмегі, келесідей білім алу нұсқалары ұсынылуы мүмкін: тұрғылықты жері бойынша жалпы білім беру сыныбында, арнайы сыныпта, арнайы мектепте.

3-деңгей

2-деңгей

1-
деңгей

1-ДЕҢГЕЙ

МҰҒАЛІМ ТАРАПЫНАН ОҚУШЫНЫ ҚОЛДАУ ТӘСІЛДЕРІ

Оқытудың вариативті, арнайы әдістерін қолдану: «шағын қадамдар» әдісін қолдану, пәндік іс-әрекетке және көрнекілік құралдарына сүйену, заттық және ақыл-ой әрекеттерін «сөйлету», «ілгері озу», өткенді үздіксіз қайталау, оқылатын ұғымдарды салыстыру және қарсы қою тәсілдерін пайдалану және т.б.;

Сабақта жеке оқу материалдарын қолдану: көрнекі құралдарды, жаднамаларды, алгоритмдік нұсқамаларды, жеңілдетілген оқу тапсырмаларын, оқу және жазу мәтіндерін қысқарту, тапсырмаларды орындау нұсқаулықтарын қысқа түрде және кезең-кезеңмен беру, жатқа білуге берілетін ақпарат санын азайту және т.б.;

Оқу нәтижелерін бағалау тәсілдерінің (процедураларының) өзгеруі: мұғалімнің қысқаша, баяу түрде, қайталау арқылы берілетін ауызша нұсқауы (жазбаша нұсқаудың орнына); жұмысты орындау үшін қосымша уақыт беру; тапсырмаларды тек ауызша/жазбаша орындауға мүмкіндік беру; планшетті, ноутбукты пайдалана отырып, жазбаша бақылау тапсырмасын орындау мүмкіндігі;

Бақылау материалдарын өзгерту: нұсқаулықтарды бейімдеу – тапсырманы орындау кезеңдеріне сәйкес оны бірнеше бөліктерге бөлу; бақылау тапсырмаларының санын азайту; барлық сынып үшін бақылау тапсырмаларынан ерекшеленетін жеке бақылау тапсырмалары (жеке оқу мақсаттарына сәйкес); бақылау тапсырмасын орындауды жеңілдететін иллюстрациялық және басқа да тірек материалдарын (кестелерді, сызбаларды, үлгілерді, анықтамалық материалдарды) пайдалану және т.б.;

Сыныптағы оқу орнын анықтау және бейімдеу (бірінші партада, беделді оқушының жанында, соңғы партада, партада жалғыз, оқу тапсырмаларының бір бөлігін биік үстелде тұрып/отырып орындайды және т.б.);

2-ДЕҢГЕЙ

МЕКТЕПТЕГІ МАМАНДАР МЕН МҰҒАЛІМДЕР КОМАНДАСЫ (ППҚҚ)

01

- оқушы үшін оқу бағдарламасын өзгерту/қысқарту қажеттілігін;
- оқушыға оқу қиындықтарын жеңуге жәрдемдесетін мамандар (психолог, логопед, арнайы педагог) көмегінің қажеттілігін;
- оқытудың неғұрлым тиімді әдістері мен тәсілдерін;
- оқу орнын оқушыға қалай бейімдеуді анықтайды.

02

Оқушыға арналған психологиялық- педагогикалық қолдаудың **ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ** мазмұнын белгілейді.

03

Оқушы **жеке бағдарламаны табысты меңгермеген жағдайда**, қолдау қызметі (ППҚҚ) ұсынымдар алу үшін (ата-аналардың келісімімен) **психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияға (ПМПК) жіберу туралы шешім қабылдауы мүмкін.**



ПМПК-ның шешімі негізінде ұсынылатын білім алу нұсқалары

Жалпы білім беру
сыныбында

- ПМПК ұсынысы:
- «Жалпы білім беру бағдарламасын жеке тәсілдеме қолдану арқылы оқыту: жеке оқу жоспары, қысқартылған оқу бағдарламасы бойынша»
немесе
 - «Жеке оқу бағдарламасы бойынша оқыту».

Арнайы сыныпта

Даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары

Арнайы мектепте

Даму бұзылыстарының түрлері негізіндегі арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламалары

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ



БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ

Балалардың санаттары	Қолдау көрсетушілер
Мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасыишілік қарым-қатынастар) бар балалар.	Педагогтер сабақтар, факультативтік сабақтар, пәндік үйірмелер мен қосымша сабақтар барысында жүзеге асырады, сондай-ақ педагог-психологтар, әлеуметтік педагогтер арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде педагог-психологпен және әлеуметтік педагогпен бірлесіп жүзеге асырады.
Әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар) бар балалар.	Педагогтер, сондай-ақ арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер, топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады.
Даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) балалар.	Педагогтер, сондай-ақ арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, педагог-ассистенттер, топтық сабақтарды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

1

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН БЕЙІМДЕУ АРҚЫЛЫ НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ АРҚЫЛЫ ОҚУ ЖОСПАРЫ МЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ

«Облыстық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес»

КММ қортындысы

Заключение КГУ «Областная психолого-медико-педагогическая консультация»

Кеңестен өткені жайлы 09 күні 02 айы 2022 жылы
в том, что был (а) консультирован (а) числа месяц год

Қорытынды

Заключение: Легкое нарушение интеллекта. Общее недоразвитие речи 1 уровня.

Білім беру бағдарламасы мен себебі ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар

Рекомендации по образовательной программе и особым образовательным потребностям:

Психолого-педагогическое сопровождение в организации образования:

1. Обучение по индивидуальной учебной программе начального, основного образования.
2. Изменение способов и критериев оценивания результатов обучения в соответствии с индивидуальной программой.
3. Использование, в том числе, специальных методов.
4. Подбор учебников, учебных пособий и подготовка индивидуальных учебных материалов.
5. Специальная психолого-педагогическая поддержка:
 - дефектологом: индивидуальные учебные занятия по отдельным учебным предметам;
 - логопедом: расширение объема понимания речи, обогащение словаря, формирование элементарных грамматических форм и фонематических представлений, фразовой речи, развитие артикуляционной моторики, устранение нарушения произношения.
6. Обучение в условиях общего класса общеобразовательной школы.

Заключение и рекомендации действительны до получения основного среднего образования, либо до возникновения необходимости повторной оценки особых образовательных потребностей.

- Оқу жоспары мен оқу бағдарламасын өзгертуге қажеттілік туралы шешімді: **Мектеп кеңесі**; психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (**ПМПК**) қабылдайды.
- ПМПК** оқу жоспары мен бағдарламасын өзгерту қажеттілігін ұсынады, бірақ өзгеріс мөлшері қандай болатындығын **психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі** мамандарының көмегімен: психолог, логопед, арнайы мұғалім оқушының бағдарламаны игерудегі ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін терең зерттеу нәтижелері бойынша **мұғалім анықтайды**.
- Егер білім алуда қиындықтары бар оқушыны мектеп өз бетінше анықтаған жағдайда **психологиялық-педагогикалық қызметінің ұсыныстары** негізінде **Мектеп кеңесі** шешімімен **мұғалім бір немесе бірнеше оқу пәні бойынша оқу бағдарламасын қысқарта алады**.

- Балаларды **жеке бағдарлама (МЖМБС-ға бағдарланбаған)** бойынша оқыту **ПМПК-ның ұсынысы** негізінде ғана іске асады. Себебі, мұндай бағдарламамен оқытуға баланың ақыл-ойындағы ауытқушылықты анықтаған жағдайда ғана рұқсат беріледі.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

2

ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ӨЗГЕРТУ (ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІГІ)

- ✓ Оқушылардың оқу үлгерімін бағалау әдістері:
 - оқушы арнайы, **қысқартылған (бейімделген) немесе жеке оқу бағдарламаларымен** оқытылған кезде;
 - оқушыларды оқытуда альтернативті әдісті қолданылғанда өзгертіледі.

- ✓ Егер оқушы үшін мектеп өз бетінше оқу бағдарламасын уақытша қысқарту туралы шешім қабылдаса, онда сол мектеп кеңесі баланың оқу жетістігін бағалаудың жеке тәсілдемесін және вариативтілігін ұсынады. Мұнда **қысқартылған (бейімделген) немесе жеке оқу бағдарламасының** мазмұнына оқушының мүмкіндіктерін ескере отырып бағалау критерийлерін өзгерту көзделеді.

- ✓ ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолдануға міндетті.

- ✓ Зерде бұзылыстары бар балаларды оқыту кезінде кез-келген оқу жетістігі оң нәтиже ретінде саналады.

- ✓ Жеке оқу бағдарламасы аясында оқу жетістіктерін бағалауда оқушының ілгерілеуіне баса назар аударылады.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

3

ВАРИАТИВТІ, АРНАЙЫ ЖӘНЕ АЛЬТЕРНАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

Жалпы сынып жағдайында қолданылатын арнайы әдістер:

- «кіші қадамдар»;
- заттық қызмет пен көрнекі құралдар;
- «сөйлеу тілін жандандыру»;
- заттық және ақыл-ой әрекетіне «алдағыны болжау», меңгергенді үзбей қайталау;
- меңгерілген ұғымды салыстыру және қарама-қайшы қою амалдарын қолдану және т.б.;
- глобальды оқыту, «нумикон» әдісі арқылы санауға үйрету, Монтессори жүйесі және басқа да жаңа психологиялық-педагогикалық әдістер.



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

4

ОҚУЛЫҚТАР, ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ТАҢДАУ, ЖЕКЕ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫН ДАЯРЛАУ



ҚР-да шығарылған арнайы оқулықтар тізімі special-edu.kz/ сайтында ұсынылған

Арнайы оқулықтарды, жұмыс дәптерлерін және басқа да оқу материалдарын жалпы сыныпта оқитын **белгілі бір бұзылыстары бар балаларға** қолдану қажет:

- көру бұзылысы (ірілендірілген қаріпі бар кітаптар; зағип адамдарға арналған, брайль қаріпімен басылған оқу құралдары; бедерлі суреттер, сызбалар, арнайы муляждар);
- тірек-қимыл аппараты бұзылысы (ірілендірілген қаріппен жазылған және т.б.);
- есту бұзылысы (символдарды, ымдық сөйлеуді) қолданатын оқу құралдары; титрі бар бейнематериалдар; компьютерлік оқу бағдарламалары және т. б.);
- зият бұзылысы (ОӘК-нің түпнұсқасы).

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

5

ОҚЫТУ ФОРМАСЫН ТАҢДАУ

- жалпы білім беретін топта/сыныпта;
- жалпы білім беретін ұйымның арнайы тобында/сыныбында;
- арнайы мектепте.

7

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР (ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫ, ЕСТУ, КӨРУ, СӨЙЛЕУ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР) БІЛІМ АЛЫШУЛАР ҮШІН ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕКШІ (ОРНЫН ТОЛТЫРУШЫ) ҚҰРАЛДАР МЕН АРНАУЛЫ ЖҮРІП-ТҰРУ ҚҰРАЛДАРЫН ПАЙДАЛАНУ.

8

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ АРНАУЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ (ПСИХОЛОГ, АРНАЙЫ ПЕДАГОГ, ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТ

6

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚҰРУ ЖӘНЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНА ФИЗИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ОҚУ ОРНЫН БЕЙІМДЕУ

- Тірек-қимыл бұзылыстары бар балаларға: мектепке жеткізу, пандустар, сүйеніштер, көтергіштер, лифт, арнайы жабдықталған оқу орны (үстел, орындықтар), жалпы пайдалану орындары (дәретхана, асхана және т. б.);
- Көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар: тактильді жолдар, тактильді көрсеткіштер, таяныштар және т. б.
Оқу орнының бейімделуі баланың жеке ерекшеліктеріне қарай оқыту ортасын бейімдеуді көздейді. Оларға мыналар жатады:
- Дене даму ерекшеліктері: есту қабілеті төмен, көру қабілеті төмен немесе бойы кішкентай баланың бірінші партада отыруы;
- Нашар көретін балаға үстел шамын қою, партаның және т. б. биіктігін реттеу;
- Мінез-құлық ерекшеліктері: гипербелсенді бала мұғалімнің жеке қолдауы мен бақылауын талап еткендіктен бірінші партаға отырғызу.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР ОҚУШЫҒА АРНАЛҒАН ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖӘНЕ ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМДАР



И. Г. Елисеева, А. К. Ерсарина «Жалпы білім беретін мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» әдістемелік нұсқаулық, А қосымшасы, 5-формасын қараңыз.

ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Оқушы туралы жалпы мағлұмат.
2. Оқушының жиынтық сипаттамасы.
3. Оқушының ерекше білім беру қажеттіліктері және оларды қанағаттандыру үшін арнайы жағдайлар жасау.
4. Мұғалімге ұсыныстар.
5. Ата-аналарға ұсыныстар.
- 6. Оқушының жеке оқу жоспары.**
- 7. Оқушыға арналған пәндер бойынша қысқартылған (бейімделген) / жеке оқу бағдарламалары.**
8. Психологтың жеке және кіші топтық сабақтарының бағдарламасы.
9. Логопед-мұғалімнің жеке және топтық сабақтар бағдарламасы.
10. Арнайы педагогтің жеке және топтық сабақтар бағдарламасы.

ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫН ӨЗІРЛЕУ

...сынып оқушысы _____ оқу жылының
Бірінші (екінші) жарты жылдығына арналған
ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ

Оқу жоспарындағы пәндер тізімі	Жалпы бағдарлама	МЖМБС-ға бағдарланған ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) БАҒДАРЛАМА	МЖМБС-ға бағдарланбаған ЖЕКЕ БАҒДАРЛАМА

Ескерту: оқу жоспарындағы пән бойынша оқушы үшін таңдалған оқу бағдарламасы «+» белгіленеді

Жеке оқу жоспары негізгі орта білім беру деңгейінде (5-9сынып) жалпы сыныпта оқитын зият бұзылысы бар оқушыларға құрастырылады. Жеке оқу жоспары жалпы білім беретін мектептер үшін **негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары негізінде** жасалады. Жеке оқу жоспарына білімге қойылатын ең төмен талаптарды орындауға оқушының мүмкіндігі жоқ (танымдық қабілеті шектеулі) оқу пәндері кірмейді.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) /ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Қысқартылған (бейімделген) оқу бағдарламасы – білім алушының жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының Жалпы білім беретін және **арнайы үлгілік оқу бағдарламасы** негізінде әзірленеді.

Қысқартылған (бейімделген)/жеке оқу бағдарламасын пән мұғалімі арнайы педагогпен бірлесіп, педагогикалық диагностика (бағалау) негізінде және МЖМБС бағдарланған пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын ескере отырып немесе зият бұзылыстары бар білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде әзірлейді.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚЫСҚАРТУ (БЕЙІМДЕУ)

КІМ ҮШІН?

Жалпы сыныпта/топта оқитын:

- ✓ психикалық дамуы тежелген;
- ✓ сөйлеу тілі ауыр зақымдалған;
- ✓ есту, көру қабілеттері зақымдалған;
- ✓ тірек-қимыл аппараты бұзылған;
- ✓ эмоциялық-ерік бұзылыстары бар (қарым-қатынас және әлеуметтік өзара әрекеттесу бұзылыстары (аутизм));
- ✓ мінез-құлық бұзылыстары және қиындықтары бар балалар үшін.

Оқу бағдарламаларын бейімдеу білім алушы меңгеруде қиындық көретін оқу пәндері бойынша ұсынылады. Қалған оқу пәндері үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады. Оқу бағдарламаларын бейімдеу бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде жүргізіледі.

Психологиялық-педагогикалық қолдау мамандарының шешімі бойынша белгілі оқу пәндерін меңгеруде қиындықтары бар балалар үшін.

Бейімделген оқу бағдарламасы белгілі бір мерзімге дейін.(1-3 тоқсан) екі оқу пәнінен артық емес пәндер бойынша ұсынылады. Қалған оқу пәндері үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

Егер пәндерді меңгерудегі қиындықтар 2—3 тоқсан бойы сақталатын болса, білім беру ұйымы баланы ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау үшін және де баланың мүмкіндігіне сәйкес оқу бағдарламасын анықтау үшін ПМПК-ға жолдайды.

<p>Қысқартылған (бейімделген) оқу бағдарламасы (МЖМБС-ға бағдарланған) (ППҚҚ, ПМПК ұсынысы негізінде)</p>	<p>Жеке оқу бағдарламасы (МЖМБС-ға бағдарланбаған) (ПМПК ұсынысы негізінде)</p>
<p>Оқушы МЖМБС белгілеген көлемге және оны сыныпта оқыту қарқынына сәйкес оқу пәнінің мазмұнын меңгеруде қиындықтар туындаған жағдайларда оқу бағдарламаларын қысқарту (бейімдеу) талап етіледі.</p>	<p>Жалпы сыныпта/топта оқитын зият бұзылысы бар балалар үшін ПМПК ұсынымы бойынша жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу бағдарламаларын құрастырылады. Зият бұзылысы бар балаларға жеке оқу бағдарламалары негізгі оқу пәндері бойынша құрастырылады.</p>

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) /ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ

Қысқартылған (бейімделген) /жеке оқу бағдарламасы бір тоқсанға құрылады, оны игеру нәтижелері негізінде келесі тоқсанға оқу бағдарламасы жасалады. Білім беру процесі барысында оқу бағдарламасын түзету қажеттілігі туындауы мүмкін. Оқу бағдарламасын уақтылы түзету үшін оқушының жетістіктерін үнемі бақылау қажет.

20__/20____ оқу жылының бірінші тоқсанына____ сынып оқушысы
_____арналған

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) /ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бағдарламаның бөлімі, бөлімшелер	Күтілетін нәтижелер	Тоқсан соңындағы нақты нәтижелері (+,-, түсініктемелер)
Қазақ тілі мен әдебиеті (қысқартылған/жеке)		

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) / ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӨЗІРЛЕУ

Қысқартылған (бейімделген) /жеке оқу бағдарламасының мазмұнында Үлгілік оқу бағдарламасының бөлімдері бойынша күтілетін нәтижелер (оқушының білік-дағдылары) түрінде тұжырымдалған оқу мақсаттары және осы оқушы үшін неғұрлым тиімді оқыту әдістері мен тәсілдері көрсетілуі тиіс.

Оқу мақсаттары мен әдістері оқушының мүмкіндіктерін анықтауға негізделген психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелеріне **командалық талқылау жасау** барысында анықталады.

Қазақ тілі мен әдебиеті

Оқытуда қолданылатын әдістер (белгілеу қажет, қосуға болады)

- оқушыға ұсынатын тапсырмалар саны азаяды
 - оқу тапсырмасының көлемі азаяды
 - оқу тапсырмасының мазмұны жеңілдетіледі
 - оқушыға оқу тапсырмасы мұғалімнің кезең-кезеңмен бақылауымен бөлім бойынша ұсынылады
 - оқулықтан тапсырмалар мұғалім құрастырған тапсырмалармен ауыстырылады
 - тапсырмаларды орындау үшін қысқа және анық нұсқаулар беріледі
 - оқушыға дауыстап немесе сыбырлап сөйлесуге рұқсат етіледі.
 - оқу бойынша тапсырмалар саны азаяды
 - сынып алдында дауыстап оқуды талап етпейді
 - қайталауға көп уақыт бөлінеді
 - теориялық материалдардың саны азаяды
 - абстрактылы ақпараттар түсіндіріледі, нақты сөздер, суреттер, заттармен көрсетіледі
 - құралдарды (қарындаш, сызғыш, трафарет және т.б.) қолдану арқылы мәтінді оқу реттілігін қадағалау
 - қызмет түрі өзгереді
 - жаттауға қажет ақпараттар саны азайтылады
 - оқу үшін абзацтарға бөледі, басты ақпарат сызықпен сызылады
- САБАҚ КЕЗІНДЕ ҚОЛДАНУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ:**
- ережелер жинағы
 - ұқсас жаттығуларға мысал
 - диктанттың жартысын жазады
- ЗЕЙІН ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҮШІН**
- орындалатын тапсырманың мақсатына міндетті түрде назар аударады
 - тапсырманы орындау кезеңдеріне мақсаты түрде назар аударылады
 - жетістіктері ескеріледі
 - мадақтаудың әр түрлі әдістері қолданылады

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) / ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

Тоқсан/жартыжылдық бойынша қол жеткізген нәтижелерді қорытындылау (оқу пәні бойыншы)

Әрі қарай оқыту бойынша ұсыныстар:

- жалпы бағдарламамен оқыту жалғастырылсын.
- мұғалімнің жеке тәсілдеме қолдану арқылы (әдіс-тәсілдер, оқу жетістіктерін бағалау жолдары) жалпы бағдарламамен оқыту жалғастырылсын.
- мұғалімнің жеке тәсілдеме қолдану арқылы (әдіс-тәсілдер, оқу жетістіктерін бағалау жолдары) оқу бағдарламасын қысқарту арқылы оқыту жалғастырылсын.
- бағдарламаны қайта қарастыру талап етіледі.
- басқа

Ескерту, түсіндірмелер

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН (БЕЙІМДЕЛГЕН) ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЗІРЛЕУ

- **Қысқартылған оқу бағдарламасын әзірлеуде** ЕБҚ бар оқушы үшін міндетті болмайтын оқу мақсаттары (білік- дағдылар) анықталады және олар сол тоқсандағы оқу бағдарламасына енгізілмейді. ЕБҚ бар оқушы үшін міндетті және міндетті емес мақсаттарды (дағдылар мен қабілеттерді) анықтау критерийі - бұл оқушының оқу пәні аясында негізгі білім мен дағдыларды игеруіне ықпал ету қажеттілігі болып табылады.
- ЕБҚ бар оқушыға арналған оқу материалының көлемін азайту негізгі білім мен дағдыларды қалыптастыруға көп уақыт бөлуге, оқушының жұмыс қабілеттілігі мен оқуға деген ынтасын сақтауға мүмкіндік береді.
- **Қысқартылған бағдарламалар** бойынша қарапайым сыныпта оқитын ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар бүкіл сынып қолданатын оқулықтарды пайдаланады.

ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ

- Жалпы сыныпқа енгізілген ақыл-ой бұзылыстары бар оқушылар үшін олардың зерде бұзылыстары мен мүмкіндіктеріне қарай Үлгілік арнайы оқу бағдарламалары негізінде **жеке оқу бағдарламалары** әзірленеді.
- Пән бойынша жеке оқу бағдарламасын құрастырған кезде (ақыл-ой бұзылыстары бар оқушы үшін) оқу бағдарламасының әрбір бөлімінде оқушының «жақын даму аймағында» жатқан білімі мен дағдыларына қатысты оқу мақсаттары және өзінің мазмұны жағынан оларға жақын дағдылар айқындалады.
- Жалпы сыныпта оқитын белгілі бір бұзылыстары бар балаларға арнайы оқулықтар, жұмыс дәптерлері және басқа да оқу материалдары пайдаланылады.

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы.

14-8. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде **бағалау критерийлеріне** өзгерістер енгізеді.

Оқу жетістіктерін бағалау қысқартылған (бейімделген) немесе жеке оқу бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылады. Оқу бағдарламасының әрбір мақсаты үшін жеке, сараланған бақылау-диагностикалық тапсырмалары іріктеледі.

ЕБҚ бар білім алушылар үшін қысқартылған (бейімделген) /жеке оқу бағдарламасы әзірленген жағдайда, **мұғалім** бағалау критерийлерін осы бағдарламаның талаптары/мақсаттары шегінен шықпай, білім алушының жеке күтілетін нәтижелері негізінде **өзі әзірлейді**.





«Инклюзия жағдайында жаратылыстану-математикалық және гуманитарлық білім берудің жеке бағдарламаларын құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» деп аталатын оқу құралының қосымшаларында ЕБҚ бар балаларға арналған қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қолдануға арналған материал – әдістемелік құралды табуға болады.